Қазалы ауданы Басықара ауылының электр желілерін ағымдағы жөндеу түсіндірме жазба

Жобаны іске асыру орны экологиялық аймаққа жататын Қызылорда облысы, Қазалы ауданы, Басықара ауылдық округі болып танылады.

Басықара ауылдық округі аумағындағы тозығы жеткен электр желілеріне ағымдағы жөндеу жұмыстарын жүргізу қажет етуде.

Себебі Басықара ауылындағы Сырдария өзенінің арғы жағалауында орналасқан тұрғын үйлерге жүргізілген электр желілерінің тозығы жетіп, қызмет көрсетуге жарамсыз күйде.

Бүгінгі күні аталған ақаудың салдарынан тұрғын үй иелері электроэнергияны пайдалануға мүмкіншілігі болмауда.

Осыған байланысты аталған жұмыстарға жоба сметалық құжаттары әзірленіп, мемлекеттік сатып алу жұмыстарын жүргізіп, сатып алынатын тауарларды, көрсетілетін қызметтерді, **орындалатын жұмыстарды** орындату қажет.

Нақты мердігерді таңдау себептері: Тапсырыс беруші мемлекеттік сатып алу үшін пайдаланылатын ақшаны, оның ішінде сатып алынатын тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің бағасы мен сапасы арақатынасын қамтамасыз ету арқылы оңтайлы және тиімді жұмсау үшін абаттандыру жұмыстарына мониторинг жүргізіп, нәтижесінде Республика аумағында орналасқан жеткізушілер өте төмен баға ұсынысымен жеңімпаз болып, жұмыстарды сапасыз, мерзімінен кеш орындап жатқандығы анықталды.

Осыған орай, «Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасының Заңының (әрі қарай - Заң) 10-бабы 6-тармағына сәйкес **тапсырыс беруші** мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру тәсілін уәкілетті орган айқындайтын тауарлар, жұмыстар, көрсетілетін қызметтер тізбесін қоспағанда, мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру **тәсілін осы Заңға сәйкес айқындайтыны көрсетілген**.

Сонымен қатар, Қазақстан Республикасының 2024 жылғы 1 шілдедегі «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының 16-бабы 3-тармағы 28) тармақшасына сәйкес - аудандық маңызы бар қалалар, ауылдар**, кенттер, ауылдық округтер әкімдерінің аппараттары үшін** республикалық бюджет туралы заңда тиісті қаржы жылына белгіленген айлық есептік көрсеткіштің **төрт мың еселенген мөлшерінен аспаса бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыруға құқылы делінген**.

Осы ретте, Қазалы ауданы Басықара ауылының электр желілерін ағымдағы жөндеу жұмыстарын **тікелей шарт жасасу арқылы бір көзден сатып алу тәсілімен жүзеге** асырылғалы отыр.

Басықара ауылындағы электр желілерін ағымдағы жөндеу жұмыстарын жүргізетін 3 (үш) өнім берушілерге коммерциялық ұсыныс жолданып, нәтижесінде «EL QYZMET» ЖШС төмен баға ұсынған әлеуетті өнім беруші болып танылуына орай келісім шарт жобасы ұсынылады.

Орындаушы «EL QYZMET» ЖШС Қазалы ауданы аумағында электр желілерін жүргізу, жарықтандыру жұмыстарымен сонғы 5 жыл көлемінде тұрақты түрде айналысып келеді сонымен қатар, шарт бойынша міндеттемелерді орындау үшін жеткілікті материалдық, еңбек және қаржы ресурстарына ие.

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2024 жылғы 9 қазандағы «Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы» №687 бұйрығының (*Бұдан әрі – Бұйрық*) 508-бөлігінің талаптарына сәйкес бәсекелестік

сақтала отырып, неғұрлым төмен баға ұсынған өнім берушімен тікелей шарт жасасу арқылы **бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алу** жүзеге асырылады.

Бұйрықтың 506-бөлігі - мемлекеттік сатып алу туралы шартты тікелей жасасу жолымен бір көзден алу тәсілімен тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып **алу тапсырыс берушінің шешімі негізінде**, шартты тікелей жасасу жолымен бір көзден алу тәсілін таңдаудың тиісті негіздемесімен жүзеге асырылады.

Басқара ауылдық округінің әкімі **М.Бекмамбетов**